

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
И. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ИНКЛЮЗИВТІК  
ПЕДАГОГИКА МЕН ЕНГІЗУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫН  
ДАЙЫНДАУ**

**Әдістемелік ұсынымдар**

**РАЗРАБОТКА ПРИНЦИПОВ ИНКЛЮЗИВНОЙ ПЕДАГОГИКИ И  
СИСТЕМЫ ВНЕДРЕНИЯ В ПРАКТИКУ ОРГАНИЗАЦИЙ  
ОБРАЗОВАНИЯ**

**Методические рекомендации**

Астана  
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылған (2015 жылғы 23 қараша № 10 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 10 от 23 ноября 2015 года)

Білім беру ұйымдарының тәжірибесіне инклюзивтік педагогика мен енгізу жүйесінің қағидаларын дайындау. Әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 33 б.

Разработка принципов инклюзивной педагогики и системы внедрения в практику организаций образования. Методические рекомендации.– Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 32 с.

Осы ұсынымдарда инклюзивтік педагогика қағидаларын білім беру ұйымдарының практикасына ендіру әдістемесі көрсетілген. Әдістемелік ұсынымдар жалпы, инклюзивтік, мектепке дейінгі арнайы, мектептік және кәсіби-техникалық білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған.

В настоящих рекомендациях показана методика внедрения принципов инклюзивной педагогики в практику организаций образования. Методические рекомендации адресованы педагогам общего, инклюзивного, специального дошкольного, школьного и профессионально-технического образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2015  
© Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2015

## Мазмұны

Кіріспе	4
1 Мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беруде негізге алынатын қағидалар мен құндылықтар	5
2 Инклюзивтік білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясат қағидалары	13
3 Инклюзивтік педагогика қағидаларын білім беру ұйымдарына ендіру	17
Қорытынды	32
Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі	33

## Кіріспе

Инклюзивтік білім беру Қазақстан Республикасының білім беру практикасы үшін «бірге өмір сүруге үйрену» қағидасы жүзеге асырылатын гуманистік негізде құрылған жаңа философия болып табылады. Осы инклюзивтік әдіске сәйкес, барлық оқушылар балалардың барлығының түгелдей қажеттіліктеріне жауап беретін, бейімделген жайлы білім беру кеңістігі құрылатын жалпы білім беру мектептерінде оқиды. Тұтас алғанда, инклюзивтік әдіс төмендегілерді болжайды:

- инклюзия философиясын білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының қабылдауы;

- балалардың білім алудағы әр түрлі қажеттіліктерін түсіну және білім беру үдерісіне барынша толық қатысулары арқылы осы қажеттіліктерге сәйкес қызмет көрсету;

- жұртшылықты тарту;

- білім берудегі кемсітушілікті жою.

Инклюзивтік білім беру – бұл белгілі бір қағидалар басшылыққа алынатын күрделі ұйымдасқан жүйе. Инклюзивтік білім беру педагогикасының қағидалары – бұл барлық компоненттерінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісі есепке алынатын және оны ұйымдастыруға қойылатын бастапқы нормативтік талаптар және жалпы басшы идеялар. Олар тарихи тәжірибе негізінде туындап, берілген үдерісті әр алуан байқалымдарында ғылыми зерттеу нәтижесінде қалыптасады. Сондай-ақ инклюзивтік білім берудің қағидаларының догма емес, олардың доминант екенін ескерту қажет. Олар мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мақсатына шартты, ал олар өз кезегінде нақты сол сәттегі қоғам мен мемлекеттің, адамдардың қажеттіліктеріне және берілген кезеңдегі қоғамның дамуына тәуелді болады. Сондықтан инклюзивтік білім беру қағидаларының нақты тарихи түрі болады, яғни олар тарихи жағдайлардың, педагогикалық жүйенің ауысуының және т.б. әсеріне қарай өзгеруі мүмкін.

Инклюзивтік педагогикаға негіз болатын қағидаларды түсінбей және сақтамай, даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру жүйесіне қосу үдерісін жүзеге асыру тиімді болуы мүмкін емес.

## **1 Мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беруде негізге алынатын қағидалар мен құндылықтар**

Негізге алынатын қағидалар жүйесі, яғни мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне қойылатын, орындалуы қажетті тиімділікпен қамтамасыз ететін негізгі, бастапқы талаптар инклюзивті педагогиканың теориялық негізін құрайды. Міндеттер оқытудың мазмұнын, ал әдістер оқытуды ұйымдастырудың түрін таңдайтыны сияқты, оқыту мен тәрбиелеудің кез-келген алдыңғы қағидасы кейінгі барлық компоненттерге қатысты болатынын есте сақтау маңызды болады. Қазақстан Республикасында инклюзивтік білім беруді дамыту үшін негізге алынатын осындай маңызды өткен қағидаларға ең алдымен 1959 жылы 20 қараша күні БҰҰ Ассамблеясы қабылдаған Балалар құқы декларациясында жарияланған он қағиданы жатқызуға болады [1]:

*1-қағида.* Бала осы Құқық декларациясында көрсетілгендердің бәріне құқылы болуға міндетті. Әрбір баланың, оның ата-анасының қандай да бір кемсітушіліксіз, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына, баланың денсаулығының және туылуының жай-күйіне немесе өзге де жағдайларына қарай ажыратпай және кемсітпей, барлық құқықтарын құрметтейді және қамтамасыз етеді.

*2-қағида.* Баланы заңмен және басқа да жолдармен арнайы қорғаумен, дене бітімі, зерделік, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының әлеуметтік тұрғыда салауаттылыққа қол жеткізуіне қажетті мүмкіндіктермен және жағымды жағдайлармен қамтамасыз ету. Осы мақсатта қабылданған заңдардың бәрінде де ең бірінші кезекте баланың мүдделерін барынша толық қамтамасыз етуге көңіл бөлінеді.

*3-қағида.* Бала туылған сәттен бастап оның есімі қойылып, азаматтық алуға құқығы бар.

*4-қағида.* Бала әлеуметтік қамсыздандырудың игіліктерімен пайдалануға міндетті. Оған салауатты өсуге және дамуға құқығы бар, осы мақсатта ол және онымен бірге анасы да бала туылғанға дейінгі және туылғаннан кейінгі күтімді қосқанда, арнайы күтіммен және қорғаумен қамтамасыз етілуге тиісті. Баланың дұрыс тамақтануға, тұрғын үйге, көңіл көтеруге және медициналық қызметке деген құқығы бар.

*5-қағида.* Дене бітімінде, психикалық немесе әлеуметтік тұрғыда толық дамымаған бала оның ерекше жағдайына сәйкес қажетті арнайы түзіммен, арнайы оқыту мен қамқорлықпен қамтамасыз етілуге міндетті.

*6-қағида.* Бала жан-жақты және үйлесімді дамуы үшін сүйіспеншілікпен түсінуді қажет етеді. Ол мүмкіндігінше өзінің ата-анасының жауапкершілігі мен қамқорлығында, қандай жағдайда болса да сүйіспеншілік пен адамгершілік және материалдық тұрғыда қамтамасыз етілген жағдайда өсуге міндетті; жасы кіші бала ерекше жағдайдан басқа жағдайларда анасынан ажырамауға тиісті.

*7-қағида.* Бала ақысыз және міндетті білімді, ең кем дегенде бастапқы кезеңде алуға құқылы. Оған оның жалпы мәдениетінің дамуына және соның арқасында өзінің мүмкіндіктерінің негізінде қабілетін және жеке пайымдауын дамытуға, сондай-ақ рухани және әлеуметтік жауапкершілікті түсінуге және қоғамның пайдалы мүшесі болуға көмектесетін білім берілуге міндетті.

*8-қағида.* Бала қандай жағдайда болмасын қорғау мен көмекті бірінші алатындардың қатарында болуға міндетті.

*9-қағида.* Бала зорлық-зомбылықтың, қорлау немесе немқұрайлы қараудан, дөрекі қараудан қорғалуға міндетті. Ол қандай да болмасын түрде сатылу нысаны болмауға тиісті. Бала тиісті жастық минимумға жеткенше жұмысқа қабылданбауға міндетті, оның денсаулығына қауіп төндіретін немесе білім алуына кедергі келтіретін, зерделік немесе рухани дамуына нұқсан келтіретін кез келген жұмыстардан қорғалуға құқығы бар.

*10-қағида.* Бала нәсіліне, дініне немесе өзге де сенім-нанымдарына қатысты кемсітушіліктен қорғалуға міндетті. Ол өзара түсінушілік, шыдамдылық, халықтар арасындағы достастық, бейбітшілік пен жалпы бауырластық жағдайында, сондай-ақ оның қуаты мен қабілеті басқа адамдардың игілігіне арналады деген сана сезімде тәрбиеленуге міндетті.

«Нормализация» қағидалары бүгінде бір қатар халықаралық құқықтық актілермен: Бала құқығы декларациясы, Зерде дамуында ауытқушылықтары бар тұлғалардың құқықтары туралы декларация, Мүгедектердің құқықтары туралы декларация және т.б. бекітілген. Берілген құжаттардың негізге алынатын ережелерін төмендегі қағидалар түрінде жинақтап қорытуға болады:

1. *Әрқайсысының қабілеті негізінде барлық адамдарға арналған білім берудегі қолжетімділік қағидасы* (Адам құқығы туралы жалпыға бірдей декларация, 1948; Баршаға бірдей білім туралы Дүниежүзілік декларация – негізгі білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру және т.б.).

2. *Білім берудің адамдық тұлғаның толық дамуына бағытталу қағидасы* (Адам құқығы туралы жалпыға бірдей декларация, 1948).

3. Білім берудегі «оқушылардың ата-анасы немесе қамқоршыларының таңдауына» сәйкес келмейтін жағдайда «білім берудің бөлектелген жүйесін немесе қандай да бір тұлғалар немесе тұлғалар тобына арналған оқу орындарын құру немесе сақтау» деп анықталған кемсітушілікке жол бермеу қағидасы (Білім беру саласындағы кемсітушілікпен күрес туралы конвенция, 1960; Бала құқығы туралы конвенция, 1989; Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006 және т.б.).

4. *Тең мүмкіндіктерді құру қағидасы.* Ол қоғамның жалпы жүйесі сияқты үдерістің көмегімен білімге қолжетімділікті барлығы үшін қолжетімділікке айналдырады дегенді білдіреді (Мүгедектерге қатысты дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасы, 1982; Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006 және т.б.).

5. Мүгедектерді мүмкіндігінше әдеттегі мектептік жүйеде оқыту қағидасы (Мүгедектерге қатысты дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасы, 1982).

6. Мүгедектердің білім алуы жалпы білім беру жүйесінің бөлінбес бөлігі болатындай жағдаймен қамтамасыз ету қағидасы (Мүгедектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету бойынша БҰҰ стандартты ережелері, 1993).

7. Әлеуметтік қамсыздандыру мен қайырымдылықты құқық және еркіндік жүйесімен ауыстыру қағидасы (Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006).

8. «Инклюзивті білім беруді барлық деңгейде және өмір бойы оқумен» қамтамасыз ету қағидасы (Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006). Бұл Конвенцияға қатысушы мемлекеттер мүгедектігі бар барлық тұлғаларды мектепке дейінгі жастан бастап, барлық деңгейде, тікелей мектепте, ары қарай орта кәсіби және жоғары оқу орындарында инклюзивті білім берумен қамтамасыз етуге міндетті екенін білдіреді.

9. Адамға тән қадір-қасиетті, оның дербестігін, өзінің қалауын жасау еркіндігі мен тәуелсіздігін құрметтеу қағидасы (Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006).

10. Қоғамға толық және тиімді тарту және ендіру қағидасы (Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006).

11. Мүгедектердің ерекшеліктерін құрметтеу және оларды адамдардың сан алуандылығының компоненті және адамзаттың бөлігі ретінде қабылдау қағидасы (Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006).

12. Мүгедек балалардың дамып келе жетқан қабілеттерін және мүгедек балалардың өздерінің ерекшелігін сақтау құқығын құрметтеу қағидасы (Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006).

13. Мүгедектігі бар тұлғаның білім алуға деген құқығын «барлық деңгейдегі инклюзивті білім беру және өмір бойы оқу» арқылы осы құқықты жүзеге асырумен қамтамасыз ететін мемлекеттік міндеттемен арақатынасы қағидасы (Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006).

14. Тұрғылықты жерде және жалпы білім беру жүйесінің ішінде ақысыз бастауыш және орта білім алуға қолжетімділік тудыру қағидасы (Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006).

15. Оқу үдерісін дербестендірілген қолдау мен ортаны орынды бейімдеумен қамтамасыз ету қағидасы (Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006).

16. Мүгедектігі бар тұлғалардың оқуда және өмірлік және әлеуметтендіру дағдыларын меңгеру кезінде коммуникацияның әр түрлі тәсілдерін, оның ішінде баламалы тәсілдерін пайдалану қағидасы. Сонымен бірге оқытудың өзі білімді меңгеруді мен әлеуметтік дамуды барынша қамтамасыз ететін жеке тұлғаның өзіне сәйкес келетін тілді, қарым-қатынас және ортадағы әдістер мен тәсілдерін пайдаланумен жүргізілуге міндетті (Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006).

17. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарды, педагогикалық бірлестіктерді, ата-аналарды тарту қағидасы (Мүгедектер құқығы туралы конвенция, 2006).

18. Халықаралық құқықтық актілердің әрбір бабының мүгедектігі бар тұлғаны кемсітушіліктен қорғау мен қоғамға қосуға бағытталғанына

қарамастан, ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың білім беру аясындағы практикалық әрекеттері мен саясат, қағидалар туралы Саламан декларациясына (1994) тоқтап өтуге болады, оның негізгі қағидалары:

1. Әрбір баланың білім алуға негізгі құқығы бар және оның білімнің лайықты деңгейін алу және қолдау мүмкіндігі болуға міндетті.

2. Әрбір баланың бірегей ерекшелігі, қызығушылығы және оқуға деген қажеттілігі болады.

3. Білім беру жүйесін әзірлегенде және білім беру бағдарламаларын орындағанда осы сан алуан ерекшеліктер мен қажеттіліктерді есепке алу қажет.

4. Білім беру саласында ерекше қажеттілігі бар тұлғалардың, ең бірінші кезекте балалардың осы қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатына бағытталған педагогикалық тәсілдердің негізінде қажетті жағдай тудыруға жауапты әдеттегі мектептерде оқу мүмкіндіктері болуға міндетті.

5. Осындай инклюзивтік бағдардағы әдеттегі мектептер кемсітушілік көзқарастармен күресудің, қолайлы қауымдық жағдай, инклюзивтік қоғам құрудың және барлығына арналған білім берумен қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылады, сонымен бірге олар балалардың басым көпшілігін шынайы біліммен қамтамасыз етеді және білім беру жүйесінің тиімділігін арттырады.

Инклюзивтік білім беру әр түрлі әлеуметтік азшылық топтарға жататын балаларға білім беруге кемсітушілік көзқарасқа қарсы тұрады, сол себепті кемсітушілікке қарсы халықаралық құқық актілерін орындаудың мүмкін болатын жалғыз нормасы болып табылады. Осыған байланысты инклюзивтік білім берудің сегіз қағидасын еске түсіріп кету дұрыс болады:

1. Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістігіне тәуелді емес.

2. Әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адамның қарым-қатынасқа және естілуге құқығы бар.

4. Барлық адам бір-біріне мұқтаж.

5. Нағыз білім беру өзара шынайы қатынастар контекстінде ғана жүзеге асырылады.

6. Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж.

7. Барлық оқушылар үшін ілгерілеу нені істей алмайтынында емес, нені істей алатынында болуы мүмкін.

8. Сан алуан түрлілік адам өмірін жан-жақты күшейтеді.

Балалардың өмір сапасының жақсаруы туралы білім берудегі инклюзивтік тәсілдердің келесі негізгі қағидалармен толық үйлескен жағдайда ғана айтуға болады:

1. Инклюзивтік мектеп мәдениеттің сан алуандығын жаңа шынайылық ретінде қарастырады. Заманауи мектеп әр түрлі этникалық топтарға және мәдениетке жататын, әр түрлі тілде сөйлейтін, экономикалық және әлеуметтік мәртебелері әр түрлі, қабілеттері, қызығушылықтары мен оқу мақсаттары әр түрлі балаларды оқытуға дайын болуға міндетті. Сонымен, мектеп бір оқу жоспарымен және барлық балаларды бір тәсілмен оқытумен шектелуге тиісті емес.



2. Инклюзивтік мектеп білімге, дағдылар мен ақпараттарға қолжетімділікпен қамтамасыз етуге міндетті. Осындай мүмкіндікті ұсыну әрбір оқушының мүмкіндігін арттырады, оны таңдау еркіндігімен қамтамасыз етеді, білім алудағы кедергілерді жеңу және мектеп өмірінің барлық саласына қатысу үшін жағдай тудырады.

3. Инклюзивтік мектеп оқыту үдерісінің дербестілігін сақтайды. Инклюзивтік мектепте мұғалімдер педагогикалық үдерісте оқытуды оқушылардың жеке қажетілігіне, қабілетіне және оқыту мақсатына сәйкес персоналдауға қол жеткізе отырып, оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін, жолдарын пайдаланады. Инклюзивтік мектеп әрдайым өзінің оқушыларына оқытуда жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады.

4. Инклюзивтік мектеп жұмыстың командалық стилін пайдалануды ұсынады. Әр түрлі балалардың үлкен санын оқытуда бір мұғалім жетіспейді, оған әріптестерінің жағынан міндетті түрде көмек қажет болады. Әр түрлі мамандардың командалық жұмысы әрбір баланың дамуында жақсы нәтижелерге жетуге және шынайы мектептік бірлестікті қалыптастыруға көмектеседі.

5. Инклюзивтік мектеп жанұялармен, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастықта жұмыс істейді. Барлық қызығушылық танытқан тұлғаларды мектеп өміріне тарту мектептік бірлестіктің кеңеюіне көмектеседі және мектеп қызметіне ресурстарды тарту көзі болып табылады.

6. Инклюзивтік мектеп өзінің әрбір оқушысын оқытудан жетістікті күтеді. Мұғалімдер әрбір оқушыға сенуге, оның қабілеті мен талантын дұрыс бағалауға міндетті. Әрбір оқушыдан оқуда оның нәсіліне, тіліне, қабілетіне немесе жанұялық жағдайына тәуелсіз табыстылық күтеді. Әрекеттердің балалардың өздері өткізетін сахналық қойылым, конференция, көрмелер, «дөңгелек үстел» және т.б. сияқты иновациялық түрлері инклюзивтік мектептерде өздерін жақсы жағынан көрсетті.

7. Инклюзивтік мектеп қоғамның әлеуметтік дамуына көмектеседі. Мектеп әрбір баланы қабылдау және оқытуда тәсілдердің икемділік философиясын қолдайды, оның әлеуметтік құндылығы осында. Инклюзивтік мектеп қоғамның әрбір мүшесінің даралығы бағаланатын және әрқайсысы көмек пен қолдау ала алатын қоғамды қалыптастыруға көмектеседі [2].

8. Инклюзивтік білім беру қағидаларын теориялық жинақтау инклюзивтік білім беруді дамытудың әдіснамалық қағидаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді:

1. Ғылымилығы – инклюзивтік оқытудың теориялық-әдіснамалық негізін, бағдарламалық-әдістемелік құралдарын әзірлеу, инклюзивтік оқытуды ендірудің нәтижесін талдау және мониторингілеу, жағымды нәтижеге жету үшін пайдаланылған технологиялардың тиімділігін бағалау, тәуелсіз сараптама жүргізу және т.б.

2. Жүйелілігі – мүмкіндіктері шектеулі балаларға сапалы білім алуға деген тең құқықпен, білім алудың деңгейлерінің арасындағы бірізділікпен: ерте

жастағы көмек – мектепке дейінгі білім алу – жалпы орта біліммен қамтамасыз ету.

3. Вариативтілігі мен түзету бағыттылығы – мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоғамға кіріктіру, әлеуметтік-еңбектік оңалту үшін жағдай тудыру, жеке басқа бағытталған оқу үдерісін әлеуметтік-білім алу қажеттіліктерімен қанағаттандыруға арналған түзете дамыту жұмысымен кешенді түрде ұйымдастыру.

4. Гуманизация – жеке тұлғалық бағытталған, дербес, сараланған, гуманистік тәсілдерді жүзеге асыру.

5. Жанұяның әлеуметтік жауапкершілігі – баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту, оның табиғи қабілетінің дамуы үшін қажетті жағдайларды тудыру, оқу-оңалту үдерісіне қатысу.

6. Ведомствоаралық кіріктіру және әлеуметтік серіктестік – мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім алуға кіріктіру үдерісін оңтайландыру мақсатындағы әр түрлі ведомстволар, әлеуметтік институттар, қызметтердің жұмысын үйлестіру [3].

Инклюзивтік білім беру үлгілерінің қызметінің негізгі қағидалары:

1. Мүмкіндіктері шектеулі баланың өмірлік іс әрекетіндегі және әлеуметтік өзара әрекеттестігіндегі мүддесінің басымдылығы.

2. Психофизикалық дамуының қарқыны әр түрлі балалардың талаптары мен қажеттіліктерін есепке алу.

3. Даму қарқыны баяу балалардың білім алуға деген құқығын сақтау.

4. Инклюзивтік үдерістерді мазмұндық, әдістемелік және әкімшілік тұрғысынан қамтамасыз етудегі жүйелілік.

5. Мүмкіндіктері шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеу жүйесін білім беру бағдарының сабақтастығын, оқыту мен тәрбиелеу жүйесін (жалпы білім беру үлгісі, арнайы білім беру, инклюзивтік білім беру, әлеуметтік, оңалту, оңалту құралдарымен қосымша білім беру, құрамдастырылған үлгілер және т.б.) есепке ала отырып құрастыру.

6. Аймақтың оңалту кеңістігін құруға және оның қызмет көрсетуіне арналған бірегей әдіснамалық тәсілдерді өндіру.

7. Балалар мен ересек адамдарды қоршаған ортада жеке немесе әлеуметтік бейімсіздену мен үйлесімсіздіктің туындау қауіпін әрдайым бақылауға алу.

Инклюзивтік білім берудің негізінде барлық балалар араларындағы бар айырмашылықтарға тәуелсіз, бар мүмкіндігінше бірге оқуға міндетті деген қағида жатыр. Инклюзивтік білім берудің концепциясына сәйкес әрбір баланың ерекше қасиеттері, қызығушылықтары, қабілеттері мен білім алудағы өзіндік қажеттіліктері бар бұл оқушылар жалпы білім беру жүйесіне қосылуға мүмкіндігі болуға және балалардың қажеттіліктеріне бағытталған педагогикалық әдістерді қолдану негізінде осы жүйемен қамтылуға міндетті.

Инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша зерттеу жұмысын талдау оның төмендегі қағидаларын ерекшелеуге мүмкіндік береді:

– барлық оқушылар мен мұғалімдердің қоғам үшін құндылығының бірдей екенін мойындау;

– оқушылардың жергілікті мектептің мәдени өміріне қатысу деңгейін арттыру және онымен бір мезгілде оқушылардың жалпы мектептік өмірден оқшаулау деңгейін азайту;

– мектептегі жұмысты әдістерін мектепке жақын тұратын барлық оқушылардың сан алуан түрлі қажеттіліктерін толықтай жауап беретіндей етіп қайтадан құру:

– мүгедектілігі бар немесе білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушылар ғана емес, барлық оқушылар үшін мектеп өміріне толық құнды қатысу және білім алу жолындағы кедергілерді жою;

– жеке оқушылар үшін мектептің қолжетімділігін жақсарту және кедергілерді жеңу талпыныстарын талдау және зерттеу, мектептегі барлық оқушылардың игіліктеріне бағытталған реформалар мен өзгерістерді жүргізу;

– оқушылардың арасындағы айырмашылықтар – бұл жеңу қажет болатын кедергілер емес, педагогикалық үдерістерге көмектестін ресурстар;

– оқушылардың тұрғылықты жердегі мектептерде білім алуға деген құқығын мойындау;

– мектептегі жағдайдарды жалпы алғанда оқушылар үшін ғана емес, сондай-ақ мұғалімдер үшін де жақсарту;

– мектептің оқушылардың академиялық көрсеткіштерін арттырудағы ғана емес, сонымен бірге қоғамдық құндылықтарды дамытудағы да рөлін мойындау;

– мектептер және жергілікті қоғамдастықтар арасындағы серіктестік пен қолдау қатынастарын дамыту; инклюзивтік білім беруді қоғамдағы теңдіктің бір аспектісі ретінде мойындау [4].

Инклюзивтік білім беруді жүзеге асырудың негізгі қағидалары талап ететін қамсыздандырулар:

– инклюзивтік практиканың дамуының эволюциялығы және кезеңділігі;

– олардың өзгерістерінің жүйелік түрі және үзіліссіздігі;

– мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектілігі бар тұлғалардың меншік түріне тәуелсіз білім беру ұйымдарында білім алуға деген тең құқығы мен тең мүмкіндігінің болуы;

– білім берудің үзіліссіздігі;

– мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектілігі бар тұлғалардың мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім алуы;

– бірыңғай білім алу мен кәсіптік ортаға қолжетімділікпен қамтамасыз етуге қажетті арнайы білім беру талаптарын, тиімді құралдар мен кедергісіз ортаны құру;

– инклюзивтік білім беру жағдайында жұмыс істейтін барлық мамандықтағы педагогтарды дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарына ғылыми-әдістемелік және ұйымдық қолдау көрсету.

Сонымен, білім берудің заманауи жүйесі енді мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қандай да шешімді талап ететін мәселе ретінде қарастырмайды, сан алуан оқушыларға жағымды көзқараспен қарап, олардың жеке ерекшеліктерін

барлығының білім алу үдерісін байытуға арналған мүмкіндік ретінде бағалайды. Қазақстан Республикасында білім берудің бүтіндей жаңа сапалы жүйесін және соның ішінде инклюзивтік білім беруді құрудың өзектілігі әлеуметтік-экономикалық талаптардың өзгеруіне байланысты болып отыр.

## **2 Инклюзивтік білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясат қағидалары**

Республикалық білім беру жүйесі әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың өзгеруіне қатысты әлеуметтік бейімдеу тәртіп дағдыларын меңгерген, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға қайтадан бағдарлануы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдайларды (материалдық-техникалық, кадрлық, психологиялық-педагогикалық, сауықтыру және т.б.) тудыру қажеттілігін талап етеді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [5] аталған шаралар:

– мүмкіндіктері шектеулі балаларды кіріктіре оқыту үдерісін нормативтік-құқықтық қамсыздандыруды әзірлеу (кіріктіре оқытудың модульдік бағдарламалары, кіріктіре оқыту ережелері, мүгедек балаларды қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру ережелері және т.б.);

– мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы өтемдік құралдармен жарактандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құру;

– мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеумен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасында нормативтік-құқықтық құжаттарда және қоғамда «инклюзивтік (немесе қосылған) білім беру термині негізінен мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру мектептерінде оқыту үдерісін сипаттау үшін пайдаланылады. Жоғары айтылғандарды ескере отырып, инклюзивтік білім беру негізінде әрбір баланың барлық жеке ерекшеліктерін: қабілетін, даму ерекшеліктерін, темперамент түрін, жынысын, жанұялық мәдениетін және т.б. және сәйкес жағдайларды есепке ала отырып әрбір балаға жеке-дара тәсілді қолдану жататын оқытудың жеке басқа бағытталған әдістерін қарастырады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды инклюзивтік оқыту саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидалары:

1. Мүмкіндіктері шектеулі балалар мен олардың жанұясына көрсетілетін мемлекеттік көмек пен қолдаудың тұрақтылығы және әлеуметтік қызыметтердің жаңасын құру мен барын қолдауға кепілдік беру қағидасы.

2. Адам құқығын жүзеге асыру қағидасы. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік кіріктіру бойынша мемлекеттік саясат әрбір тұлғаның, мүмкіндіктері шектеулі балалардың жанұяларының құндылығын, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың және олардың жанұясының психофизикалық мәртебесіне, әлеуметтік жағдайына, діни көзқарасына, нәсіліне, тұратын жеріне тәуелсіз құқықтарының тең екенін мойындайды.

3. Жанұяның әлеуметтік жауапкершілік қағидасы. Мемлекеттік саясат әрбір жанұяның жеке тұлғаны рухани және ден тұрғысынан дамытудағы

егемендігі мен жауапкершілігін, жанұяның мүгедектердің дамуына қатысты шешім қабылдаудың, оның өмірлік жолын анықтаудағы дербестік пен тәуелсіздік қағидасын қадірлейді.

4. Ғылымилық қағидасы. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік-білім беруге кіріктірудің теориялық-әдіснамалық негізін, бағдарламалық-әдістемелік құралдарын әзірлеу, инклюзивтік оқытуды ендірудің нәтижесін талдау және мониторингілеу, жағымды нәтижеге жету үшін пайдаланылған технологиялардың тиімділігін және мәселелерін бағалау және ғылым өкілдерінің тәуелсіз сараптама жүргізуі.

5. Ақпаратқа қолжетімділік қағидасы. Қағида мүгедектерге жалпы орта, арнайы орта, жоғары және қосымша білім берудің қолжетімділік мәселелерін зерттеу нәтижелері бойынша материалдарға, әлеуметтік практикалардың, ғылыми-әдістемелік әзірлемелердің мәліметтерін сынай талдауды жүзеге асыру, қоғамның белсенді шығаршылық өкілдерін осы бағытта серіктестікке тарту мақсатында инклюзия («қосу») бойынша шараларды жүзеге асыру ерекшеліктеріне қызығушылық танытқан барлық тұлғалар үшін осы материалдардың қолжетімді болуымен қамтамасыз етуін білдіреді.

6. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды инклюзивтік білім берудің технологияларын ұйымдастыру және жүзеге асыру үдерісіне жүйелік көзқарас қағидасы жанұямен (бірінші деңгей), мектепке дейінгі білім еру ұйымымен (екінші деңгей), мектептік және қосымша білім беру түріндегі білім беру ұйымдарымен (үшінші деңгей), арнайы орта және жоғары оқу орындарымен, қосымша кәсіптік білім беру ұйымдарымен (төртінші деңгей), медициналық-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және құқықтық қолдаудың кешенді қызметтерімен (бесінші деңгей) әлеуметтік жұмыс практикасын жүзеге асыруды білдіреді.

7. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әдеттегі тұлғааралық қарым-қатынас палитрасына (қосудың) адекватты нұсқаларын анықтау мақсатында оларға инклюзивтік білім берудің барлық түрлері мен жолдарын кешенді түрде жүзеге асыру қағидасы.

8. Білім беру ұйымдарының көп салалық қағидасы. Берілген қағида ең алдымен оқу орындарында педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық және медициналық қызметтерді көрсету орталықтарын ашуды талап етеді.

9. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беру саласындағы отандық және халықаралық тәжірибесіндегі сәйкестік қағидасы.

Инклюзивтік білім беруді жоспарлау үдерісінде оның жалпы тұжырымдамасын анықтау ғана емес, сонымен бірге нақты жұмыс жоспарын құру қажет, атап айтқанда:

– инклюзивтік білім беру құндылық, сенім, табыс қағидалары мен көрсеткіштер жүйесімен нығайтылуға міндетті. Бұл жүйе инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру үдерісінде дамиды және қалыптасады, оны алдын ала «кемеліне келтірудің» қажеті жоқ;

– егер инклюзивтік білім беру тек өлі құрылым ғана болса, онда ол табысты болмайды. Бұл динамикалық үдеріс, оны «тірі» ету үшін барлық қатысушылар әрекеттерді сынап талдау мен бағалауға тартылатын, тұрақты бірлескен мониторингі қажет болады. Инклюзивтік білім берудің негізгі қағидасына білім берудің берілген түрінің икемділігі мен оның алдын ала болжай алмайтын үздіксіз өзгерістерге жауап беру қабілеті жатады. Бұның барлығы жергілікті мәдени ортада және бар жағдайларда дамуға және бейімделуге қабілеті бар күшті, динамикалық және тірі организмді құрайды.

Инклюзивтік білім берудің әлеуметтік екі субъектінің өзара жақындасуын, бір-біріне қарай қимылын білдіретін екі жақты үдеріс екенін атап айту маңызды болады:

1. Дені сау құрдастарымен бірге оқу үдерісіне қосылуға ұмтылатын мүмкіндіктері шектеулі балалар мен олардың ата-аналары.

2. Осындай қосу үшін ұйымдық-функционалдық, адамгершілік-психологиялық және басқа да жағдайларды туғызуға міндетті жалпы білім берудің өзі.

Қазақстан Республикасында инклюзивтік білім беру негізін дамытуда негізге алынатын қағидалар мен құндылықтар:

1. Әрбір балаланың жалпы білім беру ұйымдарында оқуға және сапалы білім алу мүмкіндігінің болуына тең құқығы.

2. Әрбір балаланың оқуға қабілетін тану және қоғамның ол үшін сәйкес жағдайды тудыру қажеттілігі.

3. Балалардың жанұяда даму, олардың барлық мәдени, білім беру, денсаулық сақтау және қоғамның басқа да жетістіктеріне қолжетімді болу құқығымен қамтамасыз ету.

4. Ата-аналарды тең құқылы серіктестер және өзінің балаларының алғашқы мұғалімдері ретінде балаларын оқыту үдерісіне тарту.

5. Негізіне жеке басқа бағдарланған, жеке-дара тәсіл жататын оқу бағдарламаларын бейімдеу. Бағдарлама мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың оқу дағдыларын өмір бойы дамытуға көмектеседі және оларға қоғам өміріне толық қатысу мүмкіндігін беруге бағытталуға міндетті.

6. Инклюзивтік оқыту мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажетті арнайы білім беру талаптарын құратынын білдіретін фактісін тану.

7. Оқытудың инклюзивтік үлгісін жүзеге асыру кезінде заманауи зерттеулер мен практиканың нәтижелерін пайдалану.

8. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуге педагогтарды, ата-аналарды, логопедтерді, психологтарды, дефектолог мұғалімдерді және басқа да мамандарды тартуды қарастыратын пәнаралық және командалық тәсіл.

Инклюзивтік білім берудің вариативтік формаларын әзірлей және оларды практикаға ендіре отырып, шешілуге тиісті міндеттер:

– мұқтаж балаларды оларға қажетті арнайы педагогикалық көмекпен қамтуды кеңейту;

- «ерекше» балаларды қалыпты дамыған құрдастарының ортасына кіріктіру мүмкіндігімен қамтамасыз ету;
- ата-аналарды қажетті кеңестік көмек алу мүмкіндігімен қамтамасыз ету;
- кіріктірілген балалармен жұмыс істейтін педагогтарды тұрақты және мамандандырылған көмекпен және қолдаумен қамтамасыз ету.

Демек, білім беру жүйесі әрбір оқушының өзінің құқығын біліп, оқуы және дамуы үшін, ол оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға міндетті. Бұл жалпы білім беру жүйесінен шығып қалған балалар тобына дәйекті білім беру саясатына кепілдік беру мемлекеттің, үкіметтің міндеті.

Сондай-ақ инклюзивтік білім беруді жүзеге асырудағы қажетті элементіне білім берудің сапасы жатады және білім алуға құқық қолжетімділікпен қамтамасыз ету ретінде ғана емес, сондай-ақ сапалы білім беру және ары қарайғы білім алудың мықты іргетасы жағдайында әр адамның ерте жастан бастап ерсек өміріне дейін оқудағы жетістікке жеткізу ретінде қарастырылады.



### 3 Инклюзивтік педагогика қағидаларын білім беру ұйымдарына ендіру

Оқу үдерісінің тәсілдері мен құралдарының қаншалықты сан алуан болғанымен, ол өзінің құндылығы мен оны құрайтын бөліктерінің бірлігін сақтағанда ғана тиімді болады. Бұл бүтіндік оқытудың барлық мазмұнын біріктіретін жалпы мақсатымен, оқытудың барлық құралдарының бірінші негізіне жататын тірі қарым-қатынаспен ғана емес, сондай-ақ оқу үдерісінің жалпы қағидаларымен қамтамасыз етіледі. Сонымен, инклюзивтік педагогиканың қағидалары ретінде қағидалардың үш тобын ерекшелуге болады:

1. Негізгі қағидалар.
2. Жалпы әдістемелік қағидалар.
3. Жеке әдістемелік қағидалар.

Негізгі қағидалар стратегиялық болып табылады және олар мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім берудің мақсатына және мағынасына шартты болады, ал олар өз кезегінде қандай да бір даму бұзылыстары бар балалардың толық қанды дамуы мен өзін-өзі танытуына, олардың жалпы білім беру бағдарламасын (мемлекеттік білім беру стандарты) меңгеруіне, олардың танымдық, дене даму тұрғысынан, эмоциялық-ерік аясының дамуындағы жеке-типологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, оларда құрдастарымен қатар маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуға кіреді [2].

Инклюзивтік білім беру жүйесін құрудың мазмұны мен ұйымдық формасын негізгі қағидалар негізінде жетілдіру абзал болады:

1. Табиғи сәйкестілік қағидасы білім беру табиғи және әлеуметтік мәдени үдерістерінің өзара-байланысы деген ғылыми түсінікке негізделуді білдіреді. Тәрбиелеу оқушылардың жынысы мен жасына сәйкес құрылады және оларда өзін-өзі дамытуға, өзінің тәртібі мен өзінің әрекеттерінің қоғам мен табиғатты бірге алғандағы олардың жағдайына тигізетін салдары үшін жауапкершілікті қалыптастырады. Бұл қағида адамды дамытудың жалпы логикасына, баланың мүмкіндігіне қарай оқыту мен тәрбиелеудің білім беру міндеттерінің табиғи сәйкестілігін білдіреді.

2. Қолжетімділік қағидасы әрбір баланың білім алуға қажеттіліктерін қағаттандыруға арналған жағдай тудыруды білдіреді.

3. Әрекеттілік пен шығармашылық қағидасы баланың шығармашылық еркіндікке, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге қажетті жағдайларды тудыруды білдіреді. Бұл қағида әрбір субъект оның қабілетіне және қажеттілігіне жауап беретін әрекет түрін таңдап, өзінің ең жақсы қасиеттерін көрсете біле алатын тәрбиелеу кеңістігі аясындағы ұйымдастыруды білдіреді.

4. Еркіндік пен таңдау қағидасы оның әрбір қатысушысы өзінің еркін қалауын білдіру (мазмұны, формасы, тәсілі, әрекет түрі), білім алу траекториясын әзірлеу, кеңістіктің вариативтік және көп деңгейлі құрылымы арқылы өзінің дамуының субъектісі болу мүмкіндігі болатынын білдіреді [6].

Білім беру жүйесінің дамуының стратегиялық бағыты ретіндегі инклюзивтік білім беру білім беру жүйесін барлық деңгейде қайта құруды талап етеді. Білім беру жүйесінің инклюзия бағытындағы бағдар мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу мен әлеуметтенуге мүмкіндіктері тең емес жағдайда олардың тең құқығын жүзеге асыруды қарастыратын инклюзивтік білім берудің негізгі қағидаларымен беріледі.

Инклюзивтік білім берудің негізгі қағидалары:

1. Жалпы білім беру ұйымында оқитын мүмкіндіктері шектеулі балаға қатысты:

- оқыту үдерісінде баланың меңгерген академиялық білімі мен әлеуметтік дағдыларының теңгерімі оның жеке-типологиялық ерекшеліктеріне барабар және бала мен оның жанұясының қажеттіліктеріне сәйкес болады.

2. Мүмкіндіктері шектеулі баламен бірге оқитын оқушыларға, яғни инклюзивтік сынып оқушыларына қатысты бағдарлардың үшбірлігі:

- жалпы білім беру бағдарламасын (академиялық білім) меңгерудің жоғары сапасы;

- құрылымдық әлеуметтік белсенділік (әлеуметтік құзыреттілікті дамыту);
- ынтымақтастық (толеранттық, өзара көмек).

3. Инклюзивтік сынып педагогынына – мұғаліміне қатысты:

- оқушылардың айырмашылықтарын, жеке ерекшелігін қабылдау және есепке алу;

- барлық оқушылар үшін табысқа жетуге жағдай тудыру;
- оқу-тәрбиелеу үдерісінде ұжымдық және дербестіктің теңгерісі;
- оқытуда жалпы мен арнайының арасындағы келісім;
- сыныпта қабылдау, толеранттық, серіктестік жағдайды құру және қолдау.

4. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарына қатысты:

- ұйымның білім беру үдерісінің, білім беру ортасының, оқу-әдістемелік кешенінің бейімділігі;

- әлеуметтік бейімдеу мен оңалтудың жолдарының, әдістері мен түрлерінің вариативтілігі;

- оқыту мен әлеуметтендіру үдерісін ұйымдастырушы педагогтардың командалық өзара әрекеттестігі, оны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;

- білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара толеранттық әрекеттенуін дамыту;

- ата-аналар қауымымен ынтымақтастық;

- оқыту мен әлеуметтендіру үдерісін қаржылық-экономикалық қамсыздандыруды оңтайландыру.

5. Қазақстан Республикасын, облыс, қаланы тұтастай алғандағы білім беру жүйесіне қатысты:

- инклюзивтік білім беруді мүмкіндіктері шектеулі балалардың тұрған жеріне жақын жерде жүзеге асыру үшін негізгі жалпы білім беру ұйымдарын

құру бойынша білім беру жүйесінің ресурстарын (материалдық-техникалық, нормативтік-әдістемелік, қаржылық-экономикалық ұйымдастырудың) оңтайландыру;

- инклюзивтік білім берудегі инновацияны қолдау;

- педагогикалық бірлестік пен қоғамның психологиялық-педагогикалық мәдениетін арттыру [2].

Оқытудың жалпы әдістемелік қағидаларын жалпы білім беру жүйесінің мектептік және мектепке дейінгі ұйымдарының педагогикалық ұжымы сияқты, ата-аналар мен араласушы тұлғалардың қатысатын білім беру бірлестігі де басшылыққа алуы жөн болады. Инклюзивтік білім берудің табыстылығы көптеген жағдайда мектепке дейінгі және мектептік білім беру ұйымдарының басшылары мен персоналының көзқарасына, ең бірінші кезекте олардың инклюзивтік білім беру идеясын сөз жүзінде ғана емес іс жүзінде де қолдауына тәуелді екенін атап өту қажет. Алайда егер инклюзивтік білім беру ұйымдастыруына қатысушы адамдардың құндылықтары әр түрлі болса немесе бұл құндылықтар нақты анықталмаса және саналы түрде қабылданбаса, онда инклюзивтік білім беру жүйесі оңай бұзылуы мүмкін. Осы мағынада инклюзивтік білім беру философиясы мен қағидалары әрбір баланың құқығы қанағаттандырылатын, естілетін, түсінікті болатын және қабылданатын, адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістігіне тәуелсіз бағаланатын, «басқаға» ашық бірлестікті құруға дайын әрбір педагогтың игілігі болуға міндетті.

Мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім беру ұйымдарында бейімделуіне арналған жағымды медициналық-психологиялық-педагогикалық ортаны құру мақсатында басшылыққа алынатын жалпы әдістемелік қағидалар:

- мұғалімнің басшылық рөлі кезіндегі саналылық, белсенділік, дербестілік қағидалары;

- жүйелілік және дәйектілік қағидасы;

- көрнекілік қағидасы;

- қолжетімділік пен күш жетерлік сәйкестік қағидасы;

- оқушылардың жасы мен типологиялық ерекшеліктерін есепке алу қағидасы.

Мұғалімнің басшылық рөлі кезіндегі саналылық, белсенділік, дербестілік қағидалары. А.Н. Леонтьев осы қағиданы сипаттағанда: «... нағыз орталық, нағыз жектекші қағида: саналылық қағидасы», – деп нақтылады [7]. Саналылық қағидасы – бұл мағыналық түсінуді қамтамасыз етуге, білімді тәжірибеде өздігінен пайдалану икемділігіне айналдыруға көмектесетін қағида. Инклюзивтік білім беруді жүзеге асырғандағы саналылық, белсенділік және дербестілік қағидасын практикада жүзеге асыру төмендегілерді қарастырады:

- балаларда позитивтік, әлеуметтік-бағытталған оқу уәжін қалыптастыруды;

- сабақтарды, сабақтан тыс және сыныптан тыс шараларды балалардың әрекетінің интербелсенді формасын пайдалану арқылы ұйымдастыруды;

– әрбір баланың шығармашылық мүмкіндігін ашуға; оның өзінің ойын білдіру; сынып, мектеп өміріне қатысу қажеттілігін жүзеге асыруға бағытталған сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруды білдіреді.

Жүйелілік және дәйектілік қағидасы. Жүйелілік қағидасы материалды шоғырландыра меңгеруді білдіреді. Жүйелілік материалды беруді ұйымдастыруда және оны беру дәйектілігінен («оңайдан қиынға қарай») байқалады және оқудың қолжетімділігімен және шамасы жететін деңгеймен қамтамасыз етеді.

Көрнекілік қағидасы. Көрнекілік жеке заттар мен құбылыстар туралы көріністерді құруға көмектеседі. Көрнекілік құралдар түсініктің пайда болуына көмектеседі, ал ойлау бұл көріністерді түсінікке айналдырады. «Алтын ереженің» терең мағынасына: оқи алатындарға барлығын, яғни көру арқылы қабылдауға не көрінетінін, естуге не естілетінін, дәм көмегімен дәмі барларды, ет сезіммен қабылдауға жанасу арқылы қолжетімділерді ұсынудың қажеттілігі жатады. Сонымен бірге бес сезім мүшелерінің ішінде ең ақпараттылығына, адамға барлық ақпараттың 80%-на жеткізетін көру екенін есте сақтау қажет. Бұған «мың рет естігенше, бір рет көрген артық» деген мақал да дәлел бола алады.

Көрнекіліктің көмегімен оқушылардың сөйлеу тілдік белсенділігін дамытатын, шынайы өмірлік жағдайлардағы практикалық әрекеттерге дайындауға көмектесетін оқу жағдайлары құрылады. Көрнекілік қағидасы лингвистикалық (мәнмәтін, таныс сөздері бар тілдегі жаңа сөздерді түсіндіру, синонимдер мен антонимдерді таңдау, мұғалімнің сөйлеу тілі және т.б.) және экстралингвистикалық құралдардың (бейнелеу құралдары, мимика, ишарат, қимылдар, заттарды көрсету, қоршаған шынайылық құбылыстарын бақылау және т.б.) көмегімен жүзеге асырылады. Оқу жұмысын ұйымдастырған кезде көру көрнекілігін ғана емес, сонымен бірге есту және басқа да (сондай-ақ қимылдық) сезінулерді пайдаланған дұрыс болады.

Сабақта көрнекі құралдарын пайдаланған кезде төмендегілерді орындау қажет:

- оқу міндетін шешу үшін көрнекіліктің қандай да бір түрін пайдаланудың болатынын ескеру;

- берілген құралдардың оқушылар үшін түсінікті болатынын ескеру;

- берілген оқу үдерісіндегі көрнекі құралдардың атқарымын ескеру: көрнекі құралдарды оқушыда оқытылатын зат, құбылыс немесе оқиға туралы нақты түсінік туғызу үшін пайдалануға болады ма; көрнекі құралдарды олармен қандай да бір әрекет жасау үшін пайдалануға болады ма; көрнекі құралдарды дерексіз түсініктердің көрнекі тірегі ретінде пайдалануға болады ма;

- оқушылардың жасы мен жеке ерекшеліктерін білу: көрнекі материал ашық түсті және қызықты болуға тиісті, алайда көрнекілік сонша көп болмау керек, себебі «ерекше балалардың» қабылдауы мен зейінінің төменгі көлемі әрбір көрнекілікті мұқият зерттеуге мүмкіндік бермейді;

- танылатын нысан туралы оқушылардың білім деңгейін ескеру: көрнекі құралдардың балаларға түсініктілерін және тақырып оқылатын көлемде ғана пайдалану керек;

- көрнекі құрал суреттерді немесе заттарды енжар қарауға емес, оларды тануына көмектесуге міндетті [8].

Қолжетімділік пен күшіне сәйкестік қағидасы:

- оқушылардың мүмкіндіктеріне барабар және білім алу қажеттіліктеріне сәйкес педагогикалық технологияларды, әдістерді, тәсілдерді, оқу жұмысын ұйымдастыру формасын қолдану;

- оқушылардың оқудағы жетістіктерін, оқу және оқудан тыс әрекеттерінің өнімдерін бағалауда олардың мүмкіндіктеріне барабар тәсілдерді пайдалану.

Оқушылардың жас және типологиялық ерекшеліктерін ескеру қағидасы оқытуды дараландыруды, яғни оқытудың әдістерін, тәсілдерін, қарқынын таңдағанда оқушылардың айырмашылықтарын, олардың оқуға деген қабілетінің даму деңгейін есепке алуды білдіреді. Берілген үдерісті жүзеге асыру төмендегілерді талап етеді:

- мүмкіндігі шектеулі баланың меңгеріуіне берілетін оқу материалының мазмұнын бейімдеу және түрлендіру;

- қажетті оқу және дидактикалық материалдардың және т.б. барын бейімдеу немесе жаңадан әзірлеу.

Жалпы білім беру ұйымдарындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім берудің жалпы әдістемелік қағидаларын жүзеге асыру үдерісі келесі мазмұндық және ұйымдық жолдар, тәсілдер мен формаларға негізделеді:

1. Оқушының, мүмкіндігі шектеулі баланың, академиялық білім мен өмірлік құзыреттілікті дамыту бойынша жеке оқу жоспары мен жеке білім беру бағдарламасы.

2. Мүмкіндігі шектеулі баланы білім беру ұйымында және одан тыс жерде әлеуметтік оңалту.

3. Мүмкіндігі шектеулі баланы оқу және әлеуметтену үдерісінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

4. Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық консилиум.

5. Мүмкіндігі шектеулі баланың психологиялық-педагогикалық жеке даму картасы.

6. Мүмкіндігі шектеулі баланың оқушы портфолиосы.

7. Мұғалімнің арнайы білім беру элементі бар жалпы білім беру саласындағы, әлеуметтік бейімдеу мен оңалту саласындағы құзыреттілігі.

8. Жалпы білім беру ұйымдары мұғалімдерінің инклюзивтік білім беру саласындағы біліктілігін арттыру.

9. Инклюзивтік білім беру жағдайындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламасының пәндерін меңгерудің жұмыс бағдарламалары.

10. Мүмкіндігі шектеулі баланы оқу үдерісінде тьюторлық сүйемеледеу.

11. Тьюторларды жоғары мектепте дайындау.

12. Бейімделме білім беру ортасы – жалпы білім беру ұйымдарының сыныптары мен басқа жайларының қолжетімділігі (кедергілерді жою, ұйымдату, жағымды ортамен қамтамасыз ету).

13. Бейімделме білім беру ортасы – білім беру үдерісіне қажетті құралдармен және технологиялармен (жайлы және тиімді қолжетімділікпен қамтамасыз ететін техникалық құраладар) жабдықтау.

14. Бейімделме білім беру ортасы – оқыту мен әлеуметтендірудің түзете дамытушылық заттық ортасы.

15. Бейімделме білім беру ортасы – демалуға, жұмысқа қабілеттілікті қайтадан қалпына келтіруге арналған жайларды (аймақтарды) құру.

16. Оқушылар ұжымын ұйымдастыру, серіктестік, өзара әрекеттену және өзара көмек дағдыларын дамыту.

17. Ұйымның тәрбиелеу жүйесінің білім алу үдерісінің қатысушыларының толерантты қабылдауы мен қатынасын дамытуға және қалыптастыруға бағытталуы.

Демек, инклюзивтік білім берудің барлық деңгейлерінде төменде берілгендерді қамтитын және жүзеге асуға тиісті шаралар кешені:

- кедергісіз ортаны құру үшін білім беру ұйымдарын техникалық жабдықтандыру (пандустар, көтергіштер, арнайы жабдықталған дәретханалар, емдік денешынықтыру кабинеттері, психомоторлық түзету кабинеттері, логопедиялық және дефектологтар мен психологтармен өтетін түзету сабақтарына арналған бөлмелер, медициналық кабинет, спорт залы және т.б.);

- білім беру ұйымдарындағы мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды бейімдеуге арналған психологиялық жайлы жағдайларды құру;

- медициналық-психологиялық-педагогикалық жайлы ортаны құру;

- мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға арналған бейімделген білім беру бағдарламалары;

- мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға арналған жеке бағдарламалар мен сабақ жоспарлары.

Аталған шараларды жан-жақты қарастырып көрейік.

Кедергісіз білім беру ортасын жобалағанда және үлгілегенде есепке алынуға міндетті ерекше қағидалар:

1. Қауіпсіздік баланың қорғаншақтығын және қорқыныш сезімін төмендетуге мүмкіндік беретін белгілі бір заттық және кеңістіктік ортаны ұйымдастыруды білдіреді. Ол қорғанудың қолжетімді ережелері мен құралдарын пайдалана отырып, еркін бағдарлау, қозғалу және қажетті әрекеттерді орындау мүмкіндігіне ие болады.

2. Мәдени мәнді нысандардың мол болуы. Білім беру ортасы баланы тұрақты түрде сан алуан түрлі ақпарат тасушылармен (қоршаған әлем туралы белгілі бір мәліметтерді береді) қамтамасыз етуі, оның танымдық белсенділігін, еріксіз және ерікті зейінін, әрекетін айтарлықтай ынталандырады.

3. Дене тұрғысынан болатын кедергілерді жоюға (есіктің кеңдігі, пандустар, ұстағыштар) бағытталған ортаның қолжетімділігі, халықтың шағын топтары үшін өзекті болады.

4. Полисенсорлық қабылдауға арналған қолжетімділік білім беру ортасының жеке нысандарды, сондай-ақ қатынаста тұрған нысандарды қабылдау кезіндегі әр түрлі сезім мүшелерінен келген ақпаратты қабылдау мүмкіндігін ынталандырады және онымен қамтамасыз ететінін білдіреді. Бұл мүмкіндіктері шектеулі балаларда сенсорлық бұзылыстардың болатына байланысты өте маңызды болады.

5. Мағыналық тәртіптілік. Білім беру ортадағы қатынастардың барлық түрлерінің түсінуі мен орындалуы баланың өмірлік әрекетінің тиімділігін барынша арттыратын белгілі бір ережелер жүйесіне сәйкес ұйымдастырылатынын білдіреді.

6. Әлеуметтік қатынастар жүйесіне бату. Білім беру орта ұйымды баланы оқиғалық ортақтықпен қамтамасыз етеді, оның айналасындағы адамдармен өзара белсенді әрекеттенуі мен серіктестігін ынталандырады.

7. Дамытушы мінез. Баланың өздігінен немесе айналасындағылардың көмегімен жеңе алатын ойдан шығарылған кедергілер жүйесінің барлығын білдіреді.

8. Шынайы және мүмкін болатын танымдық мүмкіндіктерді қорғау мен дамытуға бағыттау. Білім беру орта ұйымы баланың алдына өзекті және жақын даму аймағында жұмыс істеу қажеттілігін қояды. Аталған қағида арнайы білім беру саласында маңыздылардың бірі болып табылады [9].

Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды білім беру ұйымдарында бейімдеу үшін психологиялық жағымды жағдай құру ол қоршаған заттық-практикалық ортаны құрудан басталады. Сонымен бірге бала үшін психологиялық жайлылықтың маңызды компоненттерінің біріне оның сыныптағы оқу орны болып табылады. Оқушыларды инклюзивтік сыныпта отырғызу мәселелерін шешуде ұстанатын кейбір ережелер [10]:

- «ерекше балаларға» олар үшін ең ыңғайлы деген орындарды ұсыну;
- «ерекше балаларды» ынталы және үлгерімі жақсы оқушылардың немесе жағымды рөлдік үлгі болып табылатын оқушылардың жанына отырғызған дұрыс болады;
  - алаңдатпа заттарға жақын отырғызуға болмайды;
- қауіпсіз, кедергілерден бос ортамен және қозғалу үшін қажетті кеңістікпен қамтамасыз ету;
- тақтаны бөгде заттармен толтырмау керек;
- «ерекше бала» отыратын жер тыныш және жайлы болуға міндетті;
- сабақ оқитын орындар оқушылар сабақ кезінде иілімді топтарда жұмыс істей алатындай және өзара әрекеттене алатындай етіп ұйымдастыру керек.

Білім беру ұйымдарында оқитын мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды бейімдеуге арналған медициналық-психологиялық-педагогикалық жағымды ортаны құру, өз кезегінде төмендегілерді білдіреді:

– инклюзивтік ұйымдарда білім беру үдерісін жобалау мен ұйымдастыруға қатысуға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарын тарту;

– әдістемелік және психологиялық-педагогикалық қолдауға қатысуға мектеп мамандарын, сондай-ақ «сыртқы» әлеуметтік серіктестіктерден: оңалту орталықтарынан, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінен және басқа да қоғамдық ұйымдардан тарту;

– серіктестік рухында ата-аналармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.

